КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 29 қазан №7119-24-00-2/12182 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы А.Галиеваның отыруында ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. Жеке кәсіпкер «West stroy» атынан Калиниченко Вячеслав Михайлович
2. Жеке кәсіпкер «SI Edu» атынан Саматұлы Иса
3. Жеке кәсіпкер «Омарова» атынан Омарова Толкын Дуйсенкожаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі: Бейсенаев Г.Р.
жауапкер ЖК «West stroy» өкілі: Аманбаев К.К.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

25.07.2024 жылы тапсырыс беруші мен ЖК «West stroy» арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Баға ұсыныстарын сұрату туралы» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 2024-07-24 №12748055-ЗЦП1 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №6/1168 шарт жасалды.

Шарттың жалпы сомасы 1 352 000 теңге. Жеткізу мерзімі - шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн (08.08.2024 жылға дейін) тауар жеткізілмеді.

Шарт 29.08.2024 жылы бұзылды.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.12.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 15.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

12.06.2024 жылы тапсырыс беруші мен ЖШС «SI Edu» арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Баға ұсыныстарын сұрату туралы» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 2024-06-03 №12450483-ЗЦП1 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 6/865 шарт жасалды.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес 6/865 Тауар - сорғылар жалпы сомасы 13 586 758 теңге. Жеткізу мерзімі - тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн. Өтінім 05.08.2024 жылғы веб-портал арқылы жіберілді (20.08.2024 жылға дейін) тауар жеткізілмеген.

Шарт 26.08.2024 жылы бұзылды. Жеткізуші бас тарту хатын электрондық порталға жіберді.

02.07.2024 жылы тапсырыс беруші мен ЖК «Омарова» арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Баға ұсыныстарын сұрату туралы» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 2024-06-21 №12580469-ЗЦП1 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 6/1045 шарт жасалды.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес 6/1045 Тауар - 893 000 теңге сомасына 38 дана муфтасы (кәбілге арналған, поливинилхлоридті, жалғастырушы). Жеткізу мерзімі - тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн. Өтінім 05.08.2024 жылғы веб-портал арқылы жіберілді (20.08.2024 жылға дейін) Тауар жеткізілмеген. Шарт 02.09.2024 жылы бұзылды. Жеткізуші бас тарту хатын электрондық порталға жіберді.

Жауапкерлердің шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі Аманбаев К.К. талап арызды мойындамай, талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкерлер ЖК «SI Edu», ЖК «Омарова» сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі жауапкерлердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.12.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 15.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Жауапкерлердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Тараптар арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалған.

Шарттар бойынша тауарлар жеткізуге міндеттенген.

Алайда, шарттар бойынша тауарлар жеткізілмеген, сол себептен шарттар талапкермен бір жақты бұзылған.

Жауапкерлер шарттың бұзылғанын сот тәртібімен дауламаған.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкерлер жеке кәсіпкер «West stroy» атынан Калиниченко Вячеслав Михайлович, жеке кәсіпкер «SI Edu» атынан Саматұлы Иса, жеке кәсіпкер «Омарова» атынан Омарова Толкын Дуйсенкожаевнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.12.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 15.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «West stroy» атынан Калиниченко Вячеслав Михайлович сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «West stroy» атынан Калиниченко Вячеслав Михайловичтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «SI Edu» атынан Саматұлы Иса сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «SI Edu» атынан Саматұлы Исадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Омарова» атынан Омарова Толкын Дуйсенкожаевна сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Омарова» атынан Омарова Толкын Дуйсенкожаевнадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.12.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 15.01.2025

7119-24-3-1/11525